

Жуалы ауданы Жетітөбе ауылдық округі бойынша көшелеріне ат қою туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Жетітөбе ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 21 Шешімі. Жамбыл облысы Жуалы аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 желтоқсанда № 6-4-118 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, **ШЕШІМ** **ЕТТІМ:**

1. Жетітөбе ауылдық округі бойынша төмендегі көшелеріне ат қойылсын:

1) Кәріқорған ауылында:
Мейман Қожаназаров көшесі;
Мәдібек Үсіпбеков көшесі;

2) Қоңыртөбе ауылында:
Малдыбай Құттыбаев көшесі;
Әбдәлім Құттыбаев көшесі;
Бақытбек Баратұлы көшесі;

3) Тасбастау ауылында:
Ғани Досаев көшесі;
Бағлан Үсіпбаев көшесі;
Юрий Гагарин көшесі;

4) Қосмұрат ауылында:
Рақышұлы Алтынбек көшесі;

5) Шыңбұлақ ауылында:
Мырзатай көшесі;
Абыралыұлы Бектаналы көшесі;
Естайұлы Құрмаш көшесі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жетітөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Кулжахан Зулумовна Куттумбетоваға жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

С.Үсіпбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК